



Нашақорлық-наркомания (грек тілінен narke – мелшию және mania – ессіздік, құтырыну) – есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру. Есірткі құрамдас немесе психотроптық, яғни оларға ұқсас заттарға тәуелділіктен туындайтын организмнің аса ауыр және тұрақты тәндік, психикалық өзгеруіне, бұзылыстарына, кейде өлімге әкелетін дерт.

Нашақорлық дене денсаулығының бірте-бірте нашарлауымен, зияткерлік және моральдық тозуымен қатар жүреді. Есірткілерді тұтыну», «нашақорлық» және «наркотизм» сөздерінің мағанасын ажырата білген жөн. Есірткілік заттарды тұтыну алкоголь мен темекі тұтынуға ұқсас. Бұлардың бәрі «зиянды ләззаттарға» жатады, өйткені олар тұтынушыға субъективтік ләззат сезімін сыйлайды, бірақ организмге зиянын тигізеді.





Есірткілік заттарды тұтыну тек «ләззат алу» ғана емес, сондай-ақ дәрігермен дәрілік препарат (ауруды басатын, ұйықтататын, психостимулятор) ретінде берілуі мүмкін.. Бұның нәтижесінде есірткілерді тұтыну ауруды («ломканы») азайтатын, басатын қажеттілікке айналады.



Үнемі есірткілерді тұтынуға құштарлық нашақорлық деп аталады. Соның ішінде Есірткіге келетін болсақ, грек тілінде “ ұйқы” мағынасын білдіредіретін “ Narke” сөзі ағылшын тілінде “Narkotik” деген сөзге айналған.



Құрамында мастандыратын, ашуландыратын, тыныштандыратын, сергітетін заттар бар.



Адамның орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, рухани және физикалық тепе-теңдікті бұзады.



Есірткі түрлері

Токсикомания

Марихуана

Героин

Кокаин

Экстази

Есірткі – ерекше және өлімге әкеліп соғатын сфера және бұл жерде гуманизм принциптерін қаншалықты қолдану толғандырады. Бір жағынан – оны жеткізіп, таратушы адамның өмірі, ал басқасында - оның «көмегімен» қиылған есірткіні пайдаланушының өмірі тұр.



Есірткі бизнесі, кез-келген ұйымдасқан қылмыс секілді шектеуі жоқ және ұлт талғамайды. Есірткі қолдануға әсіресе құмарлық адам өмірі мен қоғам үшін шын мәнінде қауіп төндіреді.

